

СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен зат есімдерді тауып, жалқы есім және жалпы есімнің астын сызыңыз.

Б) Мәтіндегі өзіңіз таңдаған екі сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.

Қабанбай батыр кесенесі Ақмола облысының ауыл аймағында оңтүстікте 20 км. қашықтықта Астана қаласы және солтүстік-шығыста 4 км. қашықтықта Қызылжар ауылында орналасқан. Кесененің ғимараты 2000 жылы салынған болатын. Сол күннен бастап Астана қаласының жерінде Қазақстан халқының жан-жақтан келетін киелі жерінің біріне айналған болатын.

Кесене батырдың дулығасын еске түсіретін, кесененің қызыл кірпіштерінің жоғары қабырғаның түзу формалары биікке самғауды сілтейді. Ескерткішті темір жарты ай қияды.

Қаракерей Қабанбай – қазақ батырларының қолбасшысы, әйгілі батырлардың бірі, XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы шығуын ұйымдастырған. Оның аты Абылай, Бөгенбай аттарымен қазақ халқының жазуларында әйгілі. Ерасыл Қабанбай шамамен 1691 жылы Сырдария жағалауында туған еді. 1769 жылы 78 жаста қайтыс болған болатын.

Қабанбайдың балалық шағы жоңғар шапқыншылығы кезінде әкесінің қайтыс болуымен басталды. Жас Қабанбай жаулардан өмірінің соңғы уақытына дейін кек алуына ант береді. Өзінің антын орындауына мақсат еткеніне Ізбасар-Мирас етіп ат қойылған болатын.

2-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен сан есімдерді теріп жазыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз.

Абат-Байтақ Кесенесі XIV-XV ғ.

Хобда ауданының Абат-Байтақ Кесенесі XIX ғ. Талдысай аулынан оңтүстікке қарай 12-шақырым жерде құрамына XVII-XIX ғасырдың Абат-байтақ кесенесі 200-ден астам құлпытастар кіретін Абат-Байтақ зираты орналасқан.

Абат-Байтақ кесенесін зерттеу 1979 жылы жүргізілді. 1983 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2004 жылғы өлшем бойынша көлемі 9,66 x 12,43 м. Кесене биіктігі 11,65 м.

Құрылыс фундаментсіз салынған қаланған кірпіш астында тас төселген. Кесене ішіне археологиялық тазалау жұмыстары жүргізілген соң әр түрлі көлемдегі көміліп қалған күйдірілген кірпіштермен қаланған тұстары табылды.

Кесене қабырғалары күйдірілген және шикі кірпіштермен байланып қаланған. Олар зиратхана мен оңтүстік қабырғаларынан көрініс табады. Терезе алдарындағы қабырғаларымен зиратхананың дөңгелек қабырғалары 2,2 м. Күйген және шикі кірпіштердің көлемі бірдей - 24 x 24 x 5 см.

Бұл нысан да жөндетіп пайдаланылуға берілді.

3-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен сын есімдерді тауып, астын сызыңыз.

Б) Мәтінді абзацқа бөліп, әр абзацқа ат қойыңыз, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

Түркістан қаласы ертеден гүлденген мекен. Мұнда адамзат баласы тас ғасырынан бастап өмір сүрген. Бұған Қосқорған елді-мекеніндегі Шоқтас ауылындағы тас тұрақтар куә бола алады. Сондай-ақ Шаға, Шойтөбе қалашықтары мұнда түркі заманында да өркениеттің болғандығын көрсетеді. Бұл өз кезегінде сол заманда ақ, Түркістанның жазиралы даласында көптеген қоныс, қалашықтардың болғандығын білдіреді.

Бұл өркениет ошағының іздері күні бүгінге дейін сақталып, бірқатары қазіргі таңда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ескерткіштер тізіміне алынған. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды зерттеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады. Ескерткіштерді тұрақты түрде қорғау, оларды жүйелі түрде есепке алу қорық-мұражайдың басты мақсаты мен міндеті. Қазіргі таңда «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының Археология және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі осы бағытта тыңғылықты жұмыс жасап келе жатыр. Бөлім мамандары жыл сайын археологиялық зерттеулер арқылы Түркістан аумағынан ғасырлар куәсі болған қалашықтар мен қорған, обалардың орнын тауып зерттеп, тізімге алып келеді. Нақ осындай мақсатта қорық-мұражай тарапынан 2012 жылы Бабайқорған ауылдық округінің аумағына археологиялық барлау жұмыстары жүргізілді. Барлау барысында бірқатар ортағасырлық қалашықтар мен қоныстар табылып, тізімге алынды. Одан бөлек қорық-мұражайдың ескерткіштер тізімінде әр жылдары археологиялық экспедициялар арқылы зерттеліп, аршылған ескерткіштерде бар. Соның бірі Қаратаудың етегінде орналасқан Ақтөбе қалашығы. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының археология бөлімі (жетекшісі М.Тұяқбаев), Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ғылым орталығының археологтары (жетекшісі М.Елеуов) аталған қалашықты зерттеп, Ақтөбе қалашығы деген атау беріп I-VII ғғ. аралығында өмір сүргенін анықтап отыр.

Кәрім Асылхан Әбдіқалиұлы

4-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен есімдіктерді тауып, астын сызыңыз.

Б) Мәтінді толықтырып реферат дайындаңыз.

Жетісу жері тарихқа бай, оны біздің жыл санауымызға дейін және бұл күндері ұлы тұлғалар жасап, жыршы-әншілер кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған. Оның баға жетпес ескерткіштері - қазақ халқының көне тарихының куәсі жартастардағы күн қақты болған суреттер, тілсіз тас мүсіндер, ескі қорғандар мен көптеген көне қалалардың қиранды орындары, обалар осы жерді мекендеген халықтың талай-талай ұрпағының өмірі мен тұрмысынан сыр шертеді.

Жетісу өлкесінің өткен кезеңдері мен археологиялық ескерткіштерін ғылыми тұрғыдан зерттеп, қаттау ісі Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда кешірек қолға алынғанмен, ежелден-ақ жиһанкездердің, зерттеушілер мен ғалымдардың назарына іліккен. Қақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтан кейін, белгілі шығыстанушы ғалым, академик В.В.Бартольдтің қосқан үлесі зор. Сондай-ақ П.П.Румынцев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, А.И.Левшин, В.В.Радлов т.б көптеген ғалымдар мен саяхатшылардың зерттеу еңбектері өткен тарихымыздан сыр шертеді.

5-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен сан есімдерді тауып, оларды сөзбен жазыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқандықтан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып қорықты жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылған.

Қазақстандағы алғашқы туристік ұйымдар 20 ғасырдың 20 – 30-жылдары пайда болды. 1929 жылы Алматы қаласында тұңғыш туристік жорық ұйымдастырды. Оған Г.И. Белоглазов пен Ф.Л. Савин басқарған 17 мектеп мұғалімдері қатысты.

Жорық Алматы төңірегінен басталып Есік көлінде (62 км) аяқталды. 1930 жылы Алматы өлкетану мұражайы жанында Пролетарлық туризм және экскурсия қоғамының өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Оның алғашқы төрағасы болып В.Г. Горбунов сайланды.

Осы жылы Алматы қалалық телеграф пен пошта қызметкерлерінен (16 адам) құралған топ (Ф.Л. Савин басқарған) Медеу – Көкжайлау – Үлкен Алматы көлі жағалауына дейін барды. Туризмнің бұл түріне В.Зимин, А.Бергрин, Д.Литвинов, Х.Рахимов, Г.Белоглазов, т.б. көп үлес қосты. 1931 жылы қаңтарда Алматыдан Зиминнің бастауымен алғаш рет шаңғышылар жорығы ұйымдастырылды.

“Еңбек және қорғаныс” эстафетасын алған бұл жорыққа қатысқан 8 шаңғышыға ұлттық атты әскер полкінің сегіз шабандозы қосылды. Олар Алматыдан шығып, Ұзынағаштан өтіп Қордай асуы арқылы эстафетаны Қырғызстан командасына табыс етті.

Сол жылы Алматыдағы Жетісу губерниясының мұражайдың жанынан Бүкілодақтық пролетарлық туризм мен экскурсия ерікті қоғамының 10 мүшесі бар алғашқы ұясы ұйымдастырылды.

6-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен салт етістіктерді тауып, сабақты етістікке айналдырыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі көпшілікпен жұмыс және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Айсұлу Нысанованың айтуынша, жергілікті оқу орындары мұражай ашуға негіз қалаған, соның бірі 1812 жылы ашылған, алайда ол ғимарат 1821 жылы өртеніп кеткен. Орынбор өлкесінің шекаралық және азаматтық басқармасының 1834 жылғы есебінде Оралда әскери училище құрылысының басталғаны туралы жазылған. Ал Орынбор корпусы сардарының 1836-1837 жылдардағы есептерінде құрылыс аяқталып, онда сабақ басталғаны баян етіледі. Осы училище тұрақты жұмыс істей бастаған 1836 жылы аталмыш музейдің негізі қаланған. Сонымен, батыс қазақстандық музейдің жұмыс жасай бастағанына 176 жыл толды деп қорытынды жасауға болады.

1980 жылы XIX ғасыр ескерткіші болып табылатын бұрынғы орыс-қазақ мектебінің ғимаратына көшірілген музей қоры өте бай. Әрине, оның бәрін көрмеге қою мүмкін емес. Музей қорында 120 мыңнан астам экспонат сақтаулы. Бұл - еліміздегі ең бай қорлардың бірі. Онда қазақ халқының тарихына қатысты аса құнды жәдігерлер де мол. Бұлар жыл сайын жаңарып, толығып отырады.

Елжан Ералы

7-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен сан есімдерді тауып, оларды сөзбен жазыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз.

Солтүстік және Орталық Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері

Беғазы кешені - Қазақстандағы қола дәуірінің соңғы кезеңінен сақталған тайпа көсемдері мен дін басыларының бейіттері. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай кентінің оңтүстік – шығысында 40 км жерде. Беғазы қорымының солтүстік – шығыс жақ шетінде орналасқан. 1947 – 1952 жыл Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі - Ә.Мағұлан)“ зерттеген 6 қоршаулы обалардан тұрады. Барлығы қазылған. Құлылыста бір – біріне ұқсас. Тек көлемдері әртүрлі. Сыртқы көлемі 4x4 метрден 9,6x9,6 метрге жетеді, пішімі шаршы, кісі қойылған қоймасының көлемі 2,2x2,2 метрден 6x6 метрге дейін. Екі жағы үлкен қақпақ тастармен көмкерілген, қабырғаларының қалыңдығы - 1,8 -3,6 м, биіктігі 0,4 – 1,1 м. Барлығының шығыс жағынан 1,8 – 9 м, ені 0,75 – 4 дәліз салынған Кешеннің ішінде көлемінің үлкендігімен көзге 1 - және 2 – бейіт.

Беғазы қорымы– Қазақстандағы қола, ерте темір тоб. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай кентінің оңтүстік – шығысына қарай 40 км жерде. Қаратал (Беғазы) өзінің оң жағалауында . 1947 – 49 және 1952 жылдары Орталық Қазақстан археологияқ экспедициясы (жетекшісі Ә.Марғұлан) зерттеген. Беғазы қорымында қола, ерте темір дәуірінің бейіттері мен ортағасырлық 57, кейінгі кездердегі 100 – ге жуық қазақ бейіттері бар. Қорымның аум 240x570 м 20 бейіт зерттелді. Оның 14-і андрон мәдениетінен Беғазы – Дәндібай мәдениетіне өту кезеңіне жатады.

8-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, зат есімдерді тауып, олардың түрін ажыратыңыз..

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Айша бибі кесенесі- Қазақстандағы сәулет өнері ескерткіші. ХІХ ғ. салынған. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Айша бибі ауылында орналасқан. Кесене құрылысын 1897ж. В.А.Киплаур, 1938-39жж. А.Н.Бернштейн жасаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы. 1953 ж. Қазақстан ҒА-ның экспедициясы зерттеген Күмбезді Қарахан (Әулие Ата) салдырған. Бірақ кесенені салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Пішіні шаршыланып біткен. Ауданы 7,6 x 7,6м. бұрыштар бағаны- тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3x1,4м) орналасқан. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір арқылы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғары жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді.бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3,4 м биіктікте бағаналарға арап әріпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың бірінде “күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...” деген сөздер жазылған. Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80см) үш бөліктен: күйдірілген кірпіштен қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі палитармен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Кесене қабырғаларының сыртқа беті артқы жағындағы сыналарымен бекітілген оймыш қисақ плиткалар арқылы безендірілген. Ұсақ плиталардың шырмауық өрнегіне алпыс түрлі әшекей қолданылған. Қашаумен үңгіп жасалған бұл ойулар бір-бірімен қиуласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипатталған композициялық шешім тапқан. Кесене құрылысынан Әмір Темір дәуіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды – тақталды дәстүр айқын аңғарылады. “Қазақ жобалау, қалпына келтіру” институтының Айша бибі кесенесін ресубликалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлкет қорғауына алынған.

9-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен сан есімдерді тауып, оларды сөзбен жазыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

«Ақтас» мешіті Қызыл-Орда облысының далалы ауданында орналасқан.

Бұл құрылыстың фундаменті ретінде күйген кірпіш түр, оның жалпақтығы 20см. Фундамент астына 20см тереңдікте тас бетон қойылған фундаменттің жан жағынан 50см қиыршық тас салынған қалаудың материалдық жағдайы қанағаттандырарлық, ешқандай қайта жасау қажетсіз, барлығы жөндеу барысында қалпына келтірілді. Қабырғалар күйдірілген саз кірпіштен қаланды. Қабырғаларының қалыңдығы 1,4 м, жөндеу жұмыстары атқарылып пайдаланылуға берілді.

Құрылыс 27x14x6,5см және 26x27x6,5см және 1,5-2см қалың көлемдегі күйген кірпіштен салынған күмбезді құрылыс. Жоспар бойынша жан-жағынан 19x18,6м биіктігі күмбез ұшына дейін 19,5м. Көлемдігі квадрат ұқсас. Күмбез тіреліп тұрған қабырғалар арка болып салынған. Қабырғалары шикі сазбен сыланып ақталған. Құрылыстың салынған уақыты шамамен 1884ж, 1984-1986 жылдары ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сазды лаймен кірпіш, қалаудың жекелеген жіктері цементпен бекітілді.

Қызыл-Орда облысы Шиелі ауданындағы **«Асан - Ата» кесенесі** Ескерткіш Қызыл-Орда облысының Далалы ауданы Шиелі ауданында орналасқан. 27x15x6,5см және 26x27x6,5см көлемді күйдірілген кірпіштен сазды лаймен салынған күмбезді құрылыс. Жоспарда тікбұрышты портал 3,8м тереңдікте, 6,98 жалпақтықты жалпы ауданы 7,06м биіктігі күмбез үстіне дейін 7,66м төртбұрышты құрылыс. Іштеріне арка арқылы салынған. Ішкі қабырғаларының беті цемент қосылған лаймен сыланған.

10-тапсырма

А) А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.

Тамсансаң, Семейдегі аспалы көпірге тамсан. Мұндай көпір ТМД-да жоқ. Әлем елдерінің өзінде саусақпен санарлық қана. Семейдің көркіне көрік қосып, сәулетін арттырған бұл аспалы көпір - Тәуелсіздіктің төл туындысы.

1998 жылы Үкімет Семей қаласында жаңа көпір құрылысын бастауға шешім шығарды. Өйткені, Ертіс өзені үстімен өтетін автомобиль көліктері жүретін бұрынғы ескі көпір пайдаланғанына небәрі отыз жылдан астам ғана уақыт өтсе де сыр бере бастаған-ды. Сөйтіп Семейде жаңа көпір салу мәселесі күн тәртібінде өткір тұрған болатын.

Көпір құрылысының басталуына орай ұйымдастырылған салтанатты рәсімге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі арнайы келіп қатысты.

Аспалы көпір құрылысымен негізінен жапондық «Аячай» фирмасы айналысты. Бас менеджер Мацузава басқарған бұл фирманың мұндай көпір салуда тәжірибесі бұрыннан-ақ бар екен. Атап айтқанда, Америкада, Түркияда, Оңтүстік Кореяда осындай көпірлердің құрылысын жүргізіпті. Көпірдің қаңқалары да Жапонияда жасалып, алдымен су жолымен, сосын теміржолмен Семейге тасымалданды. Жалпы, екі мемлекет арасындағы келісімге орай Жапония мемлекеті көпір құрылысына 165 млн. доллар бөліпті. Бұл қаржыны 2,7 пайызбен 30 жылда қайтару мәселесі де алдын ала пысықталған. Ал көпірге келіп тірелетін ұзындығы 16 шақырым жол құрылысын жүргізумен Түркияның «АлсимАларко» фирмасы айналысты.

Осы арада айта кету керек, жаңа көпірдің үстіне табиғи асфальт төселген. Ол асфальт Кариб бассейніндегі Трининад көлінен арнайы тасып жеткізілген көрінеді. Сонымен қатар көпір құрылысы жұмыстарына өз елімізден 30-ға жуық фирмалар қатысса, жұмысшылардың 90 пайызын жергілікті азаматтар құрады.

Көпір құрылысы белгіленген мерзімнен бұрын бітіп, 2000 жылдың қазан айында пайдалануға берілді.

11-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен сын есімдерді тауып, оларды шырай түріне ажыратыңыз..

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.

Семей- Қазақстанның ірі және әдемі қалаларының бірі. Ол 1718 жылы І Петрдің жарлығымен құрылған. Дегенмен қаланың нақтылы жасы одан да көбірек. Себебі оның қазіргі орнында Доржынкент деген көне қала болған.

Доржынкент қазақ – жоңғар қақтығыстры кезінде әлсіреп, жойылып кеткен. 1606 жылдың өзінде Михайыл патшаның грамотасында Доржынкент қаласының аты аталды. Онда бұқа стилінде салынғын әдемі сарайлар екені жазылған. ХІХ ғасырдың орта тұсында Ресейдің Азия бөлігіндегі керуен жолдары тоғысқан ірі сауда орталығына айналды. 1851 жылы қаланың елтаңбасы бекітіліп, 1854 жылы Кереку және Өскемен уездерінің басын біріктірген үлкен орталық облыс болып құралды. Кейбір ғалымдар “Семей” сөзінің түптөркінінің “ырысы сол, нұрлы жол” мағынасынын білдіретінін айтады. Бүгінгі күні Семей еліміздің рухани және мәдени орталығы ретінде белгілі. ХІХ ғасырдың ортасында Қазақстанда тұңғыш рет Семей қаласында типография мен көпшілік кітапхана ашылып, алғашқы су құбыры жүргізілді. ХХ ғасырдың барысында бірінші футбол командасы құрылса, одан кейін де алғаш рет осы қалада футбол мен шахмат элементтерін “Нью - футбол” ойыны дүниеге келді.

Бұл қасиетті мекен ұлттық цирк пен театрдың отаны. Сонымен қатар, мұнда Қазақстандағы алғашқы өлкетану мұражайы ашылып, оған Абай сикты ұлы тұлға экспонат тапсырған.

Семей дегенде, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы Федор Достоевский, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әміре Қашаубаев, Галина Серебрякова, Всеволод Иванов және тағы да басқа ұлы тұлғалардың есімдері еске түседі.

Семей 1917 жылы құрылған “Алаш - Орда” партиясының көсемдерінің аттарымен біте қайнасқан саяси орталық. Сол жылдары қаланың сол жағалауы Алаш партиясының құрметіне Алаш қаласы деп аталғаны мәлім. Семей ерте кезден өзіне саяхатшыларды қызықтырған, саяхатшыларды тарихи терең тамырымен тарта білген қала. Мұнда Пржевальский, Семенов Тянь – Шанский, Потанин, Джордж сияқты әлемге танымал саяхатшы – ғалымдар ат басын тіреген. Бүгінгі күні Семей Қазақстанның аса қызықты да, тартымды туристік орталығы деуге болады.

12-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтінді әрі қарай толықтырып, реферат дайындаңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Мәшһүр Жүсіп мешіті - архитектуралық ескерткіш. Павлодар қаласында 2001 ж. 5 қыркүйекте ашылды. Мешіттің бірінші қабаты сегіз қырлы. Бұл - Дешті Қыпшақтардың сәулет үлгісі. Сол заманда сегіз қырлы сарайлар салынғаны тарихтан белгілі. Оның үстіндегі сегіз қырлы жұлдыз түркі жұртының ортақ рәмізі. Күмбезі шаңырақ үлгісінде. Төрт мұнараның биіктігі Пайғамбар жасына орай - 63 м. Бір мезгілде бір жарым мың адам намазға жығылуға мүмкіндігі бар. Ерлер мен әйелдер залы бөлек. 400 орындық асхана, мұражай, кітапхана, ислам дінін насихаттайтын бейнезал, неке қию бөлмесі бар. Үлкен залдағы гауһар тасты шамның салмағы 3.5 тонна, биіктігі 16,5, ені 6 м.

Павлодар қаласында 6 гектар жерді алып жатқан паркі, медресесі, Кутузов, Кривенко, Қайырбаев көшелерінен кіру есіктері бар 1500 орындық Бас Мешіт сәулет ансамблі салынды. Бас мешіттің жобасын «Алматыгипрогор» АҚ жобалау институты әзірледі.

Мешіт ғимараты 48*48 метрлік сегізбұрышты жұлдыз түрінде салынған, диаметрі 30 метр 1200 орындық ерлер намаз оқитын зал, күмбездің биіктігі 33 метр. Мешіт ғимаратының көлемі 48*48 метр, мұнараларының биіктігі – 63 метр, аймен бірге күмбездің биіктігі – 54 метр, жалпы ауданы 7240 шаршы метр. Бірінші қабатта медресенің оқу сыныптары, неке қию залы, 200 орындық асхана және оның қосалқы бөлмелері, 300 орындық әйелдер намаз оқитын зал, дәрет алу жайлары, холл орналасқан.

Неке қию залы және асхана екі көлемді бір үлкен залға айналдыру үшін жылжымалы қабырғамен бөлінген. Ғимаратқа кіру сатылармен екінші қабат деңгейіне көтереді, онда 1200 орындық балконы бар намаз оқу залы, ислам мәдениетінің мұражайы, кітапхана, бейнезал, қызметтік жайлар, холл орналасқан. Негізгі ғимараттың екі қабаты және мұнаралары кірпіштен, күмбезі темір құрылымдардан жасалған.

13-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен жалғау түрлерін табыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.

Баянауыл – Павлодар облысының оңтүстік-шығысында орналасқан Баянауыл ауданының орталығы. Баянауыл тауларының ортасында Сабындыкөл жағасында орын тепкен.

Баянауыл ауылының өзі - өте көрікті жер, халқы 4472 адамды құрайды. Тарихы 1826 жылы казак станицасының құрылысынан бастау алады, оның алғашқы атаманы болып болашақ этнограф, географ, саяхатшы Г. Потаниннің әкесі Н. Потанин болған. Ол кезде халық саны 800 адамды ғана құраған екен. Ал 1833 жылы ғана Баянауыл округ болып құрылды.

Баянауыл елді мекені – курортты аймақ, ол 1985 жылы Ұлттық табиғи саябақ статусына ие болды. Саябақ табиғаты өте ерекше жаралған табиғатымен әйгілі: Баянауыл таулары батыстан шығысқа қарай 40-50 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-25 шақырым. Ең биік нүктесі – Ақбет тауы, ол 1026 м биіктікте. Таулы-орманды оазис 450 шаршы шақырымды алып жатыр, оның негізгі ерекшелігі – жартастар (Кемпіртас, көгершін, Булка (Найзатас), аттың басы, тас жастықтар және т.б.), Сабындыкөл (ауданы 7,4 шаршы шақырым) және Жасыбай (ауданы 4 шаршы шақырым) көлдері, үңгірлер (Әулиетас 22 м) және Драверта үңгірі (тастағы жазулар), Құмыра (сарқырамасы бар 3 м), тас шатқалдары және т.б. көрікті жерлердің болуы.

Жасыбай, Сабындыкөл және Торайғыр көлдері жыл сайын мыңдаған туристерді қарсы алады, бұл үшін көл жағалауларында демалыс үйлері мен пансионаттар көптеп орналасқан.

Сонымен қатар бұл өлке елімізге танымал ең алғашқы академик Қ. Сәтбаевтің, Ш.Шөкиннің, М.Ж.Көпеевтің, Ж.Аймауытовтың, қазақтан шыққын алғашқы кинорежиссер Ш.Аймановтың және т.б. атақты адамдардың дүниеге келген жері.

14-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, Абай Құнанбаев туралы өз ойыңызды жазыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.

Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы 1940 жылы ашылған. Ол Қазақстан тарихындағы тұңғыш әдеби мұражай болып табылады. Мұражай 1940-1944 жылдары Бекбай Байысовтың үйінде ашылып, 1944-1967 жылдары Әнияр Молдабаевтың үйіне қоныс аударады. Бұл екі үйдің де Абайға қатысы бар. Ақын 1875-1904 жылдары Семей қаласына келгенде осы үйлерге түсіп жүрген. 1967 жылы Абайдың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында мұражай қаладағы сәулет ескерткіштерінің бірі саналатын, ұлы ақын өмір сүрген дәуір үлгісімен салынған көпес Роман Ершовтың үйіне көшірілді.

Мұражай алғашқы ашылған жылдары «Абайдың мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражайы» деген атпен Оқу министрлігінің қарауында болады. Одан соң мәдени-ағарту мекемелері басқармасының қарамағына көшті. Ал 1947 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының қарауына ауысты. 1953 жылы Абай мұражайы «мемориалдық музей» дәрежесіне түсіріліп, Ғылым академиясынан Мәдениет министрлігі қарауына ауыстырылды, одан Семей облысының мәдениет басқармасына берілді. Тек 1960 жылдары ғана ақын мұражайы Мәдениет министрлігінің қарауына ауыстырылды.

1990 жылы «Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы» болып қайта ұйымдастырылды. Жидебайдағы 6400 гектарлық қорық аймағы 16 ескерткішті қамтиды.

Қорық-мұражай құрамына Семейдегі бас мұражай, «Алаш арыстары – М.Әуезов» мұражайы, Жидебайдағы Абайдың мұражай-үйі, Шәкәрім мұражай-үйі, Әуезовтің Бөрілідегі мұражай-үйі, Көкбай Жанатайұлының Тақырдағы мешіт-медресесі, Мақаншыдағы Әсет Найманбайұлының мұражайы, Құндыздыдағы Шәкір Әбенұлының мұражай-үйі кіреді.

Бас мұражай экспозициясында «Абай дәуірі», «Абай бейнелеу өнерінде», «Алаш арыстары», «Абай және Семей шаһары» атты тақырыптық көрме залы, «Абай шығармашылығының үш қайнар бұлағы», ақын поэмаларына арналған «Шығыс залы», «Грек залы», «Жаз» өлеңіне арналған зал, «Абайдың ақындық мектебі», «Абайтану», «Абай халық жүрегінде» атты сыйлықтар залдары орналасқан.

15-тапсырма

А) Мәтінді түсініп оқыңыз, мәтіннен сан есімдерді тауып, оларды сөзбен жазыңыз.

Б) Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Арыстан баб кесенесі - көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Исауидің ұстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған. Кесене дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кесененің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі 12 ғ. шамасында салынған. Мазар 14 ғасырда қайта жөнделген. Арыстан баб кесенесі 20 ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен ауданы 35x12 м, биіктігі 12 м, бұрынғы Меккеге қараған есігі Түркістанға, Әзірет Сұлтанға бағытталып, Солтүстік жағы кесене, Оңтүстік жағы мешіт есебінде қайта жөнделді. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне хижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген.

Бұл кесене XII ғасырда өмір сүрген діни көріпкел Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады. Сол құрылыстан кесілген айван тізбектері қалған. XVIII ғасырда көне мазардың орнында жер сілкінісінен кейін екі кесілген ағаш тізбекке тірелген айванмен салынған екі күмбезді құрылыс орнатылды. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынды. 1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Құрылыс алебастр ерітіндісінде күйдірілген кірпіштен қабырғаның сырт жағына салынды.

Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады Аңыз бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың елшісі болған. Бір күні Мұхаммед пайғамбар өзінің шәкірттерімен құрма жеп отырған еді. Бір құрма қайта-қайта ыдыстан құлай беріп, пайғамбар ішкі дауысты естіді: «Бұл құрма Сізден кейін 400 жыл алдағы уақытта туылатын мұсылман бала Ахметке арналған». Сонда пайғамбар шәкірттері ішінен бұл құрманы кім иесіне жеткізетінін сұрайды. Ешкім сұранған жоқ. Пайғамбар сұрақты қайта қойғаннан кейін, Арыстан баб былай деді: «Егер Сіз Алла Тағаладан 400 жыл сұрап берсеңіз мен бұл құрманы иесіне жеткіземін». Халық аңыздарынан және жазба деректеріне қарағанда («Рисолаи Сарем-Исфижоб» және Куприлозада кітабы) Арыстан баб Ахмет Яссауидің ұстазы болып құрманы жеткізеді. Қазіргі кезде Арыстан баб мазары үстінде 30*13 метр аумағы бар кесене тұр. Тарихи деректер бойынша XII-XVIII ғасырларда кесене бірнеше рет қайта салынып, қайта жаңартылды. Қожа Ахмет Яссауи ұлы әулие мен діни көріпкел 1103 жылы туылып 1166 жылы қайтыс болған.